

Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау туралы

Күші жойған

Маңғыстау облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 19 қазандағы N 42. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2001 жылғы 8 қарашада N 604 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қыркүйектегі № 224 қаулысы

Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2005 жылғы 27 шілдедегі № 224 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында және облыс бұрындары қабылдаған "Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау туралы" 2001 жылдың 24 сәуіріндегі N 91 шешімін қайта қарай келіп, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап бұрын облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер атағы бар зейнеткерлерге облыстық бюджет қаржысынан ай айын қосымша ақы тағайындалсын.

2. Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерге ай сайынғы қосымша ақы тағайындау және төлеу ережелері бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы (А.Баужанова) облыс қалалары, аудандары бойынша бұрын облысқа сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға қосымша ақы тағайындау, төлеу және есепке алуды ұйымдастырсын.

4. Облыстық қаржы басқармасы (С.Б.Шаметова) 2001 жылдың облыстық бюджетінің жыл сайынғы шығыстар сметасы шегінде осы қаулыны орындау шараларын алсын.

5. Осы қаулының орындалысын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Е.Күмісқалиға жүктелсін.

6. Облыс әкімінің "Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау туралы" 2001 жылдың 24 сәуірдегі N 91 шешімі күші жойылған деп саналсын.

О б л ы с ә к і м і н і н

міндетін атқарушы

Маңғыстау облысы әкімияты
2001 ж. 24.04. N 42

қаулысымен бекітілген

Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерге
ай сайынғы қосымша ақы тағайындау
және төлеу

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерге ай сайынғы қосымша ақы тағайындау және төлеу Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ ҚРЗ Z010148_ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Маңғыстау облыстық мәслихатының 2001 жылғы 28 наурыздағы N 11/85 "Облыстық мәслихаттың 2000 жылғы 19 желтоқсандағы 9/69 2001 жылға арналған облыстық бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне сәйкес және облысқа сіңірген еңбегі үшін бұрын зейнетақы тағайындалған адамдардың зейнетақыларына қосымша ақыны тағайындау және төлеу тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ереже

1. Ережелерде төмендегідей негізгі түсініктер қолданылады:

- 1) облысқа сіңірген еңбегі бар зейнеткер - облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер (бұдан әрі - дербес зейнеткер);
- 2) дербес зейнеткердің зейнетақысына қосымша ақы - (бұдан әрі - қосымша ақы) олардың табысына қарамастан жеңілдіктердің орнына берілетін ақшалай төлем ақы;
- 3) қосымша ақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді орган - аудандық (қалалық) еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдері;
- 4) қосымша ақыны беру жөніндегі уәкілді орган - Қазақстан Республикасының Халықтық банкі (бұдан әрі - банк).

2. Дербес зейнеткерлерге жеңілдіктердің орнына қосымша ақыны төлеу облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Қосымша ақы ай сайын өткен ай үшін облыс әкімінің шешімімен бекітілген Ережелерге сәйкес төленеді.

2. Қосымша ақыны тағайындау тәртібі

4. Дербес зейнеткерлер қосымша ақы тағайындату үшін тұрғылықты жері бойынша қосымша ақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді органға төмендегідей құжаттар мен мәліметтерді тапсырады:

- 1) өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) қосымша ақыны алуға құқығын растайтын құжат;
- 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 5) банкінің филиалдарында зейнетақысын алатын адамдардың банкіндегі дербес есепшотының нөмірі;

6) тұрақты тұрғылықты жерін растайтын анықтама.

5. Қосымша ақыны алуға құқығын растайтын құжат болып, дербес зейнеткердің куәлігі немесе халық депутаттары Маңғыстау облыстық Кеңесінің 1992 жылғы 22 мамырдағы N X/254 қаулысымен бекітілген облысқа сіңірген еңбегі үшін зейнетақыларды белгілеу жөніндегі комиссияның облысқа сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақыны тағайындау туралы шешімінен көшірме с а н а л а д ы .

6. Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқада және көшірме түрінде қосымша ақыны тағайындау және төлеу жөніндегі органына тапсырылады. Ол құжаттар көшірмесін куәландырады, оларды іске қалыптастырады, тағайындалған сомалардың есебін жүргізу және кейін компьютерлік өңдеу үшін қосымша ақыны тағайындау журналы бойынша жеті сандық тіркеу нөмірін береді, төленген сомалардың есебін жүргізу үшін дербес есепшот ашады.

7. Қосымша ақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді орган қосымша ақыны тағайындау немесе оны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

Уәкілді орган төмендегілерге қосымша ақыны тағайындаудан бас тартады:

1) қосымша ақыны тағайындау құқығын растайтын құжаттарын тапсырмаған а д а м д а р ғ а ;

2) дәл емес мәліметтерден тұратын құжаттар тапсырған адамдарға;

3) бас бостандығынан айыру түрінде сотпен тағайындалған қылмыстық жазасын өтеп жүрген адамдарға;

4) Қазақстан Республикасындағы басқа облысқа және одан тысқары жерге сіңірген еңбегі бар зейнеткерлерге.

Қосымша ақыны тағайындаудан бас тартқан жағдайда қосымша ақыларды тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді орган бас тарту себебін жазбаша дәлелдеп түсіндіреді және өтініш берушіге құжаттарын қайтарады.

8. Қосымша ақыны алушылар өтінішінде Ережелердің 7 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген, оны тағайындау үшін негіздерін жойған жағдайларда, қосымша ақыларды тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді органға бұл туралы 10 күннің ішінде хабарлауға міндеттенеді.

9. Ай сайынғы қосымша ақы Маңғыстау облыстық мәслихатының шешімімен бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленген.

3. Қосымша ақыларды төлеуді тоқтату және жаңғырту

10. Дербес зейнеткерге қосымша ақыны төлеу Ережелердің 7 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген, оны тағайындау үшін қайтыс болған күнінен б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

11. Қосымша ақыны төлеуді жаңғырту, дербес зейнеткердің оны

тағайындауға қайта құқығын иеленген жағдайда, құқығы туындаған күннен бастап қосымша ақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді органның шешімі бойынша жүргізіледі.

4. Қосымша ақыларды төлеу тәртібі

12. Дербес зейнеткерлерге қосымша ақыларды төлеуді жүзеге асыру үшін уәкілді орган зейнетақыны алу тәртібі көрсетілген қосымша ақыларды тағайындау туралы шешімдердің, алушылардың жеке өтініштерінің негізінде (зейнетақы алатын орны мен алу тәртібі көрсетілген) төмендегідей құжаттарды ж а с а қ т а й д ы :

- 1) компьютерде қосымша ақыларды алушылар бойынша базаны;
- 2) елді мекендер бойынша банктегі дербес есепшотқа қосымша ақылар сомаларын түсіру үшін тізімдерді 2 данада;
- 3) банкінің филиалдары бар елді мекендерде үйге әкеліп беруді қажет ететін зейнеткерлерге қосымша ақыларды төлеуге тізім-ведомстыларды 3 данада;
- 4) банк филиалдары жоқ болған жағдайда, елді мекендерде қосымша ақыларды төлеуге тізім-ведомстыларды 3 данада;
- 5) ағымдағы айдың 20-жұлдызындағы жағдай бойынша қосымша ақыларды төлеуге та п с ы р ы с - с ұ р а н ы с т ы .

13. Қосымша ақыларды тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді орган ағымдағы айдың 20-жұлдызына дейін облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына өтінімді табыс етеді.

14. Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы қалалар мен аудандар бойынша Агенттік келісіммен көзделген, банкіге сыйақыны (0,6%) ескере отырып, жинақталған өтінімді облыс бойынша жасайды және оны ағымдағы айдың 23-жұлдызына дейін облыстық қаржы б а с қ а р м а с ы н а ж о л д а й д ы .

15. Облыстық қаржы басқармасы тиісті бағдарламалар бойынша жергілікті бюджеттің жазылған шығыстарына сәйкес ағымдағы айдың 25-жұлдызына дейін облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына өткен айдың қосымша ақыларын төлеу үшін қажетті қаражат б ө л е д і .

16. Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы ағымдағы айдың 28-жұлдызына дейін төлем тапсырыстарымен алынған қаражатты қосымша ақыларды тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді органның есепшотына қаржылық рұқсатпен бөлінген сомалар шегінде аударады.

Қосымша ақыларды тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді орган жасалған Агенттік келісімнің негізінде ағымдағы айдың 30-жұлдызына дейін төлем тапсырыстарымен алынған қаражатты банкінің есепшотына аударады. Осымен

бір мезгілде банкіге дербес зейнеткерлердің банкідегі дербес есепшоттарына қосымша ақыларды түсіру үшін тізімдердің бір данасын, олардың файлдық нұсқасын және тізім-ведомостының екі данасын береді.

17. Банк алынған тізімдерге сәйкес қосымша ақыларды төлеуді жүзеге асырады.

18. Қосымша ақыларды тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді орган арқылы банкіге қате немесе дербес зейнеткер қайтыс болғаннан кейін аударылған сомалар, уәкілді органның хаты (өкімі) негізінде облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының тиісті есепшотына қайтарылуға жатады. Хат (өкім) көшірмесі облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына жолданады.

19. Бұрын төленбеген қосымша ақылар ағымдағы төлемақылармен бірге төленеді.

5. Есеп жүргізу және есеп беру

20. Қосымша ақыларды тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді орган ай сайын, төлем жүргізілген айдан кейінгі айдың 5-жұлдызынан кешіктірмей, банкімен салыстыру кесімін жасайды.

21. Қосымша ақыларды тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілді орган ай сайын, әр айдың 10-жұлдызынан кешіктірмей, төленген қосымша ақылар бойынша есеп беруді жасайды және облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына береді.

22. Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы тоқсан сайын дербес зейнеткерлердің зейнетақысына қосымша ақыны тағайындау және төлеу туралы ақпаратты облыстық қаржы басқармасына тапсырады.

6. Жауапкершілік

23. Қосымша ақыларды алушылар артық төлеуге әкеліп соқтырған жағдайларды жасырған жағдайда, қолданудағы заңнамаға сәйкес жауапкершілік артады.

7. Бақылау

24. Дербес зейнеткерлерге қосымша ақылардың тағайындалуы мен төленуіне бақылауды облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мен облыстық қаржы басқармасы жүзеге асырады.